

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары көшесі, 36
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Нур-Султан, улица Кенесары, 36
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

2021 жылғы 17 маусымдағы
№ ДС-215 сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Қазақстан халық партиясы»
фракциясының депутаттарына

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің депутаттық сауалдарыңызға келісіні хабарлайды

Қазіргі уақытта ұн экспортының проблемасы өзекті болып тұр. Дәстүрлі импорттаушы елдердің өз астығын өңдеуді дамытуына байланысты оларда нарықтар сыйымдылығының қысқаруы, қазақстандық ұнға қатысты тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын енгізуі, ел ішіндегі, Өзбекстан аумағындағы теміржол тасымалдаулары кезіндегі жоғары шығындар отандық ұн тартқыштардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді.

Өз кезегінде, Қазақстан Үкіметі қазақстандық ұнның бәсекеге қабілеттілігін жақсарту және астық өңдеу саласының экспорттық әлеуетін арттыру үшін бірқатар шаралар қабылдауда.

Мәселен, 2021 жылғы ақпанда Ташкент қаласында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Өзбекстан Республикасының Көлік министрлігі арасында астық пен ұнды қоса алғанда, жүктерді транзиттік тасымалдау тарифтері жөнінде өткен келіссөздер қорытындысы бойынша Өзбекстан аумағымен қазақстандық астық жүктері мен ұнды транзиттік тасымалдауға сатылы төмендету коэффициенттерін қолдану бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың 2 маусымында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А. Маминнің Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі А. Ариповпен өткен келіссөздерінің

шеңберінде өзбек тарапы қазақстандық астық пен ұнды Өзбекстан аумағы арқылы тасымалдау үшін төмендету коэффициентін төмендетуге келісті.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде отандық ұн тарту өнеркәсібін дамыту үшін қарыз алушыға айналым қаражатын толықтыру үшін түпкілікті мөлшерлемесі 7%-бен жеңілдетілген кредиттер беріледі. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 411-бабына сәйкес ұн өндірушілерге ҚҚС-ны 70% мөлшерде төмендету көзделген.

Сондай-ақ, қазақстандық экспорттаушыларға өнімнің өзіндік құнын 10%-ға дейін төмендетуге, экспорттың географиясы мен тауарлар номенклатурасын кеңейтуге мүмкіндік беретін көлік шығындарының бір бөлігін өтеу тетігі енгізілді. Сонымен бірге кәсіпорындардың жарнамаға, сауда алаңдары мен сөрелерді, қоймаларды жалдауға, брендтерді сертификаттау мен тасымалдауға жұмсаған шығындары өтеледі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығымен бекітілген Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларының аясында 2019 жылдың қорытындысы бойынша индустриялық-инновациялық қызметтің 139 субъектісінен жалпы сомасы 3,9 млрд.теңгеге 179 өтінім мақұлданды, оның ішінде ұн экспорты бойынша 31 компанияға 1,1 млрд. теңге сомаға қолдау көрсетілді, 2020 жылдың қорытындысы бойынша ұн экспорты бойынша 42 компанияға 1,2 млрд. теңге экспорттық субсидия берілді.

Ағымдағы жылы ұн экспорты бойынша 14 компания 541,4 млрд.теңге сомасына экспортқа жұмсалған шығындардың өтемін алды.

Бұдан басқа, Қытай нарығына отандық тамақ өнімдерінің (бидай ұны, бидай кебегі, бидай крахмалы, бидай глютені, жарма, макарон өнімдері) тұрақты қол жеткізу арнасын құрған Экспорттық Акселерация бағдарламасы жұмыс істейді, 2020 жылғы Акселерация бағдарламасының 35 қатысушысының 10-ы ұн тарту өнеркәсібіне жатады.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі сондай-ақ тауарларды өздері өндіретін өндірушілердің тізбесін бекітті, олар үшін салықтық тексеру жүргізубей ҚҚС 50%-ын «автоқайтару» көзделген.

Сонымен қатар, тұрақты негізде сауда-экономикалық миссияларды, көрмелерді, ұлттық стендтерді және т.б. ұйымдастыру арқылы экспортты ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, 2020 жылы Шанхай қаласында Ұлттық стенд ұйымдастырылды, оған қазақстандық өндірушілер, оның ішінде ұн өндірушілер «Миллер и К», «Ново-Альджанский мелькомбинат» ЖШС, «Сұлтан-Маркетинг» ЖШС, «Бест Қостанай» ЖШС, «Дани-Нан» ЖШС, «Аруана-2010» ЖШС қатысты.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың ұлттық жобасының аясында

астық өңдеу саласының әлеуетін арттыру шаралары қарастырылатынын атап өтеміз.

Астыққа экспорттық баж салығын енгізу туралы мәселеге қатысты 2020 жылы 14256 мың тонна бидай жиналды, бидай өндірісінің көлемі 2019 жылғы деңгейден 2 804 мың тоннаға немесе 24,5%-ға жоғары екенін атап өтеміз.

2021 жылғы 1 маусымдағы жай-күй бойынша республикада 5,4 млн. тонна астық, оның ішінде 4,4 млн тонна бидай болды.

Сондай-ақ, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ ресурстарында 514 мың тоннаға жуық астық бар, олар қажет болған жағдайда ішкі нарықты тұрақтандыруға бағытталады.

Есептелген мәліметтер бойынша астықтың қалдығы республиканың ішкі сұранысын қанағаттандыруға, сондай-ақ жаңа егіннен өнім көлемі түскенге дейін жеткілікті көлемде экспортқа өткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, ішкі нарықта шикізат тапшылығының жоқтығын ескере отырып, бидайды экспорттауға кедендік баж салығын енгізу бойынша шаралар қабылдау орынсыз деп саналады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде бәсекелестікке қарсы, нарықтық емес шараларды енгізу нарық субъектілерінің қарым-қатынастарына кері әсерін тигізеді және өнімді сатуды жоспарлауға кедергі келтіреді, сондай-ақ астық экспортының дәстүрлі нарықтарынан айырылуға әкелуі мүмкін екенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

Р. Құрманов

✉: *М. Жұмағұлов*
☎ 8 (7172) 555-912, 87022864050;
✉: zhumagulov.m@minagri.gov.kz



БҰЙРЫҚ

13.07.2021 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 12-1-4/142

город Нур-Султан

Иссапар туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес фермерлік шаруашылықтар мен халық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін азық дайындау барысы бойынша 2021 жылғы 13 шілдеден 15 шілдеге дейін (қоса есептегенде) күнтізбелік 3 (үш) күнге Маңғыстау облысына іссапарға кетіп барамын.

Иссапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін (кадр мәселелерін қоспағанда) уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Рүстем Жомартұлы Құрмановқа жүктеймін.

Министрдің м.а.



Е. Қарашөкеев